

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТИ



Этикалық комиссия кеңесінің 2023-2024 оқу жылна арналған

ЕСЕБІ

Шымкент, 2024ж.

Кіріспе

2023–2024 оқу жылы ішінде Шымкент университетінің Этикалық комиссиясы университет ұжымында академиялық адалдықты сақтау, қызметкерлер мен оқытушылар арасында этикалық нормаларды нығайту, корпоративтік мәдениетті дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Жыл бойы комиссия жоспарға сәйкес тұрақты отырыстар өткізіп, әр айдағы өзекті мәселелерді талқылады.

Негізгі бөлім

Қыркүйек, 2023 ж.

Жаңа оқу жылының басында оқытушылар мен қызметкерлер арасында этикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Этикалық комиссияның жаңа құрамы бекітіліп, жұмыс жоспары талқыланды. Барлық құрылымдық бөлімшелерге этикалық нормаларды сақтау бойынша нұсқаулықтар берілді.

Қазан, 2023 ж.

Қызметкерлердің еңбек тәртібін сақтау деңгейі қарастырылды. Корпоративтік мәдениетті нығайту және жұмыс орнында өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыру бағытында ақпараттық әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қараша, 2023 ж.

Оқытушылардың ғылыми-зерттеу және оқу процесінде академиялық адалдық қағидаларын сақтау деңгейі талданды. Адалдық кодексін сақтау бойынша бақылау жүргізіліп, бұзушылық деректері анықталған жоқ.

Желтоқсан, 2023 ж.

Жыл ішіндегі тәртіптік бұзушылықтар бойынша аралық талдау жасалды. Университеттің іскерлік абыройын сақтау, қызметкерлердің мінез-құлық мәдениетін арттыру мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қаңтар, 2024 ж.

Қызметкерлердің әдеп нормаларын орындауы бойынша есеп тыңдалды. Жаңа жылға арналған профилактикалық шаралар жоспары бекітілді. Этикалық нормаларды сақтау бойынша ақпараттық парақшалар таратылды.

Ақпан, 2024 ж.

Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және өзара қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бойынша семинар өткізілді.

Наурыз, 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары қарастырылды. Оқытушылардың студенттерге үлгі болу әдептері талқыланып, академиялық адалдық тақырыбында дәріс өткізілді.

Сәуір, 2024 ж.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалға талдау жүргізілді. Қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін сақтау деңгейі зерделенді. Жалпы ахуал оң нәтижеде деп бағаланды.

Мамыр, 2024 ж.

Еңбек және қызметтік тәртіп бұзушылық фактілерінің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар атқарылды. Жылдық жұмыс қорытындысына дайындық жүргізілді.

Маусым, 2024 ж.

Этикалық комиссияның жылдық қорытындысы тыңдалды. 2024–2025 оқу жылына арналған ұсыныстар әзірленді:

- этикалық мәдениет бойынша тренингтер санын көбейту;
- қызметкерлер арасында әдеп кодексін сақтау мониторингін жүргізу;
- студенттермен бірлескен этикалық жобалар ұйымдастыру.

Қорытынды

Жалпы алғанда, 2023–2024 оқу жылында Этикалық комиссия өз жоспарын толық орындады. Комиссия қызметі университет ұжымында моральдық ахуалды нығайтуға, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға және академиялық адалдық принциптерін қалыптастыруға бағытталды. Келесі оқу жылында комиссия жұмысы жалғасын табады және этикалық мәдениетті жетілдіру бағытында жаңа бастамалар қолға алынбақ.

Хатшы:



Ахынова У.С.

Бекітілді: Этикалық комиссия кеңесінің мәжілісінде

Күні: «15» маусым 2024 жыл